

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 252-ө және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 435 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 19 сәуірдегі № 276 және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 103-ө бірлескен бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына және 43-1-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 252-ө және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 435 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6600 болып тіркелген, «Казахстанская правда» 2010 жылғы 27 қарашадағы № 323-324 (26384-26385); «Егемен Қазақстан» 2010 жылғы 2 желтоқсандағы № 515-516 (26359) және 7 желтоқсандағы № 520-521 (26364) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын, оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және МОИП орналастыруын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
м и н и с т р і

Н. Қаппаров

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрі
м и н и с т р і

А. Жұмағалиев